

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жерүсті көлік
құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) жерүсті көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету, жол-көлік оқиғаларын болдырмау және Компанияның мүлкіне олардың салдарлары мен зиянының ауыртпалығын азайту кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау басымдығын белгілейді.

Компания жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік құралдарын қауіпсіз басқару саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық стандарттардың, ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

2. Көлік қауіпсіздігіне қатысты жоғары басшылықтың көшбасшылығы мен бейілділігін көрсетуді, әр қызметкер өзінің жеке қауіпсіздігіне және оны қоршаған адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікті сезінгенде әр қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға белсенді тарту.

3. Қауіпсіз белдіктерін мүлтіксіз пайдаланылуын және Компанияның көлік құралдарының қозғалысы кезінде жылдамдық режимінің сақталуын талап ету. Компанияның жүргізушілеріне көлік басқару кезінде мобильді құралдарды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

4. Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді анықтау, бағалау және жоюды жүзеге асыру және жол берілмейтін тәуекелдер үшін басқарудың қосымша шараларын қалыптастыру.

5. Көлік құралдарының жарамдылығына, әрбір желіге шығар алдында белгіленген нормаларға сәйкес толық көлемде жинақталуына техникалық тексеру жүргізу.

6. Қызметкерлерді Компания ішінде де, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында да жол қозғалысы ережелерін және көлік қауіпсіздігін сақтағаны үшін ынталандыру және көтермелеу.

7. Көлік құралдарын пайдалану кезінде денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмайтын жүргізушілердің денсаулығы үшін қолайлы жағдайлар, еңбек және тынығу режимін қамтамасыз ету.

8. Қорғаныстық жүргізу бағдарламасы бойынша Компанияның жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерін оқытуды және біліктілігін арттыруды жүргізу.

9. Компанияның жүргізушілеріне жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

10. Компанияның сапарларын ұйымдастыру және басқару жүйесін дамыту шеңберінде озық тәжірибе негізінде көлік құралдарын бақылаудың және мониторингілеудің тиімді құралдарын енгізу.

Осы Саясатта берілген міндеттемелер көлік қауіпсіздігі саласындағы мақсатты анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға, қызметтердің өнім берушілеріне таратылады және серіктестермен Компанияның іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.